



АСТАНА

АҚШАМЫ

САН ҚЫРЛЫ СУРЕТШІ



ҚР Ұлттық музейінде Халық суретшісі Әубәкір Ысмайыловтың «Өнер – заманның энергиясы» атты көрмесі ашылды. Мәдениет және спорт министрлігі қолдау көрсеткен шараға суретшінің қызы Гүлзәмира Ысмайылова, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қарағанды облысында дүниеге келген Әубәкір бала кезінен сурет салуға, мүсін жасауға құмартып, өнерсүйер қауымның назарына ерте ілікті. Бозбала шағынан-ақ үлкен өнерге енді қадам басқан шағында Семей, Петропавл, Қызылорда және өзге де қалаларда сурет көрмесін өткізіп, кейіннен талантын кәсіби біліммен ұштауға мүмкіндік алды.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында Халық ағарту комиссары А.Луначарский оған арнайы жеделхат жіберіп, риза болды. Артынан көрме мемлекет қамқорлығына алынады.

Әубәкір Ысмайылов Омбыдағы М.Врубель атындағы Кәсіптік көркемсурет техникумының қазақ жастарына арналған студиясында оқыды. Мәскеудегі Мемлекеттік театр өнері институтын бітірді. «Еңбекші қазақ» газеті мен Петропавл өлкетану мұражайында суретші, Қазақстан Суретшілер одағы Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Қазақ драма театрында суретші әрі режиссер болды. Қазақ филармониясы жанында ұйымдасқан алғашқы халық би ансамблінің көркемдік жағын басқарды.

Дала өмірін бейнелеу үшін Қазақстанға жиі келетін суретші Г.Савицкиймен бірлесіп істеген жұмысы жас суретшіге өте көп пайдасын тигізді.



«Бетпақдаладағы аңшы» және «Сарысу алқабы», «Қарағанды шахтасы» «Құрманғазы халық арасында», «Қарсақбай жұмысшыларының Аманкелді отрядына қосылуы», «Торғай таңы атты», «Исатай-Махамбет», «Бәрі де майдан үшін», «Абай достарымен бірге», «Бурабай», «Екібастұз» атты картиналарында тарихи тұлғалар бейнесі, табиғаттың әсем көріністері шынайы бейнеленген.

Оның пейзаждары мен тақырыптық суреттерімен қатар, актерлік, режиссерлік, бишілік, балетмейстерлік өнері де ел-жұртқа мәлім. Мәселен, әйгілі «Тақиялы періште», «Көгілдір маршрут» фильмдеріне түсті.

У.Шекспирдің «Отеллосында», М.Әуезов пен М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбетінде» қазақтың халық билерін («Айгөлек», «Дауылпаз», «Қаражорға») қойып, режиссер әрі балетмейстер ретінде танылды.

Ш.Құсайыновтың «Қожанасыр», М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсаринінде» рөлдерді сомдады. «Айгөлек», «Дауылпаз», «Қаражорға» секілді қазақтың халық билерін қойды.

Астанадағы көрмеге суретшінің осыған дейін БҰҰ-да, ЮНЕСКО-да экспозицияланған туындылары мен тарихи экспонаттары қойылды. Оған келгендер Ә.Ысмайыловтың өткен ғасырдың 30-60 жылдардағы салған акварельдері мен карикатураларын және Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейіндегі көркемсурет туындыларын тамашалады.


Шараның ашылу салтанатында сөз алған Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай: «Әубәкір Ысмайыловтың қазақ өнерінде алар орны бөлек. Ол кісі ер жетіп, ес білген шағынан бастап өнер жолын таңдады. Өнердің бір саласын ғана емес, сан қырын игеріп, кәсіби деңгейде мамандана білді.

Әубәкір ағамыздың кітапты безендіру, полиграфия саласында атқарған жұмысын да бүгінде үлгі етіп алуымызға болады. Одан бөлек, еліміздегі Суретшілер одағын құрып, оны басқарған еңбегін де еш ұмытпауымыз керек» деп, суретшінің атқарған ілкімді істеріне тоқталып өтті.

Суретшінің қызы Гүлзәмира Ысмайылова өз кезегінде көрмені ұйымдастыруға ұйытқы болған Ұлттық музей ұжымына алғыс білдіре келе: «Осы аудиторияда өнерді бағалай білетін азаматтардың жиналғанына қуаныштымын. Бүгін 26 картинаны Ұлттық музейдің қорына тапсырамыз» деді.

Шара барысында Гүлзәмира Ысмайыловаға ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының алғыс хаты табыс етілді.

Реті келіп тұрған соң, Астанада Әубәкір Ысмайылов көшесі барын айта кетейік. Ол Республика даңғылынан басталып, М.Ғабдуллин көшесін қиып өтіп, Ш.Иманбаева көшесінде аяқталады.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ